

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық сынып				
Балалардың жасы	5-6 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	4-апта 23.09-27 .09.2024жыл				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	23.09.24ж	24.09.24ж	25.09.24ж	26.09.24ж	27.09.24ж
Күн тәртібі	Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбаев				
Балаларды қабылдау 08:00-08:30	Балалардың дене қызуын өлшеп, дене терісін және көңіл-күйін тексеріп қабылдау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнатуАта-аналармен оқу құралдары және балалардың оқу қызметіне қалай қатысатындары жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсаты. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру;	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты. Балаларға жөндеуді қажет ететін	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын

және тағы басқа әрекеттер)08:40-08:50	топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.	Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.	тапсырманы мұқият, жылдам, орындау.	кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.
	Үстел үсті ойыны "Лото - Жыл мезгілдері". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды.	Үстел үсті ойыны "Лото - Жеміс-жидектер мен көкөніс". Мақсаты. Балалардың жеміс-жидек, көкөніс жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс ататқызу. Ойын шарты. Көкөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау, гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см	Дамытушы ойын "Төлін тап". Мақсаты. Үй жануарларының төлін табу арқылы балаалрдың білімдерін бекіту. Муляжбен үй жануарларының төлдерін табуға үйрету.	Саусақ жаттығуы "Топ, топ, добым, домалак". Топ, топ, добым домалак, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің	Үстел үсті ойыны. "Сиқырлы сандар". Мақсаты. Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды.

Таңертенгі жаттығу	1."Секіртпені сөз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіпті қолмен ең шетінен ұстау. 1-секіртпені қолмен ең шетінен ұстап, қолды алға созу. 2-жоғары көтеру, 3- кеуде тұсына әкелу. 4- б.қ. келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстап, қолды жоғары көтеру. 1-оңға еңкею. 2-бастапқы қалыпқа келу. 3-солға еңкею. 4-бастапқы қалыпқа келу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің Қазақстаным» Ән ұран орындау Мақсаты:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу	Пікір алмасу сұрақтары: Өзіңнің мектебіңнің ауласында қандай өсімдіктер өседі?	Қарға қалай дыбыстайды? Балалар қарғаның дыбысын келтіреді. Балалар қарға құсы туралы әңгімелеседі.	Пікір алмасу сұрақтары. Суреттегі оқу құралдарын ата! Қай заттар сөмкеге салынбай қалды?	Мектеп сендерге ұнай ма?Мектептен не үйрендіңдер?
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.	1.Математика негіздері Тақырыбы: «7, 8, 9 сандары және цифрлары» Міндеті:-цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; -заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; -зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауыссыз дыбыстар.» Міндеті -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. 2.Сурет салу	1.Математика негіздері Тақырыбы: «7, 8, 9 сандары және цифрлары» Міндеті:-цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; -заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; -зейін мен логикалық ойлауды дамыту;	1.Математика негіздері Тақырыбы: «7, 8, 9 сандары және цифрлары» Міндеті:-цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; -заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; -зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Біз нені үйрендік?»Міндеті - балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету; -сөздерді буынға бөлуді дамыту; -саусақ моторикасын дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дене қабілеттерін дамыту.» Міндеті -денені дұрыс

	2.Қазақ тілі . Тақырыбы: «Көгөністер» Міндеті -тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; -сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қалай спортшы» болуға болады?» Міндеті:-ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.	(Шығармашылық іс-әрекеттер) Тақырыбы: 3.Музыка Тақырыбы: «Біздің аспаптар» Міндеті: ұлттық домбырада орныдалатын күй жанрымен таныстыру.-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. Музыка тыңдау: «Балбырауын» (Құрманғазы)Ән айту:«Балдырғанда р әні» (Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров 4.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Су – тіршілік көзі».	-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дауыссыз дыбыстар.» Міндеті -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті жануарларым» .Міндеті- Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру 4.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю(орыс халық	дағдыларын дамыту. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қорыққанға қос көрінеді» (ертегі)міндеті Міндеті -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету; -балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; -баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. 3.Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен.» Міндеті-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау	ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру 3.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)саханалау.» Міндеті ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету; -ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; -ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 4.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?» - Міндеті жабайы жануарлардың
--	--	--	---	--	---

	4.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Менің атам.» Міндеті -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету; -балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; -баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.	Міндеті-судың қасиеттерін таныстыру; -танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.	ертегісі)саханалау.» Міндеті ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету; -ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; -ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	4.Қазақ тілі Тақырыбы: «Жемістер» Міндеті - жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету; -диалогке қатысуға үйрету; -сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; -жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру; -себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.»
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Қара жидекті бақылау. Мақсаты. Қара жидекпен танысуды жалғастыру. Зерттеу. Қара жидек жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы тазарту. Мақсаты.	Тастарды бақылау. Мақсаты. Тастар туралы, жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу. Тасты үлкейткіш әйнек арқылы тексеру. Не көрінеді? (Жарықтар, өрнектер.)	Желді бақылау. Мақсаты. Желдің күшін анықтауды үйренуді жалғастыру; балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. Мақсаты.	Жапырақтың түсуін бақылау. Мақсаты. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды	Қарақатты бақылау. Мақсаты. Қарақатпен таныстыруды жалғастыру. Зерттеу. Қарақат пен итмұрын арасындағы айырмашылықтарды табу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшада өсетін

	Еңбек әрекеттерін орындауға үйрету; топта жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Орман жолдары". Мақсаты. Жағдайларға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындары, қозғалыстарды дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары. Мақсаты. Жалпы дамытушы жаттығуларға деген қызығушылықты сақтау.	Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:бақ шадағы тастарды жинау және олардан композиция құрастыру. Мақсаты. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Тас, қайшы, қағаз", "Епті жұп". Мақсаты. Педагогті мұқият тыңдауға үйрету, табандылықты дамыту; допты бұрышқа лақтыруды үйрену. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты. Допты нысанаға лақтыру қабілетін нығайту.	Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рахат алуға үйретуді жалғастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Батпырауық пен тауық". Мақсаты. Педагогтің бұйрықтарын тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: доппен жаттығу. Мақсаты. Допты екі қолмен ұстап жерге лақтыруды жалғастыру.	табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуда сыпырушыға көмектесу. Мақсаты. Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Түлкі мен қоян". Мақсаты. Жануарлардың өмір салты мен әдеттері туралы түсінік қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.	бұталарға күтім жасауға ересектерге көмектесу. Мақсаты. Бірлесіп жұмыс істеу қабілеті мен тілегін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жыртқыш" Мақсаты. Жүгіру жылдамдығын, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсаты. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ	Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсаты. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын	Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсаты. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".	Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсаты. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшандығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокарточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяккіім, аяқтау. - Шаш - шашбау.
---	--	--	--	--	--

	төменнен жоғары емес, жоғардан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және т.б.. Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сән көрсету подиумы". Мақсаты. Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель деген мамандық иесі жайында түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамға деген құрметке, төзімділікке,	жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсаты. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз,	арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.. Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы". Мақсаты. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке,	Мақсаты. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау салттары жайындағы білімдерін кеңейту; жақынға деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды нақпіншіндері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, алдын-ала әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін	- Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп". Мақсаты. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар.
--	---	---	--	--	---

еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Құралдар. Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, алдын-ала түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында әңгімелеседі. Әңгімелесулер барысында педагог сән көрсету, подиум туралы, киім үлгісінің дизайнері, фотосуретші, модель бала (қыз бала, ұл бала) туралы нақтылы түсініктерді ұсынады. Педагог көрнекі материалдарды дайындаған кезде балалар сән үлгілеріне көңіл аударуы керек. Балалар дизайнерді таңдап, ол киім үлгілерін дайындайды, модель балаларға киім үлгілерін көрсетеді; көрсетілім өткеннен кейін, сахнаға шығып, құрметін білдіреді.	маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және моделдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында немесе	төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне	анықтайды; туған күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды. Балалар, туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегі жасау керектігін жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күні иесін балалар санамақ арқылы тағайындау мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес	Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын-ала қарап, мұғалім мен оқушылар жайында әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің
---	--	---	--	---

	Фотосуретші - модель (сән үлгісін көрсетуші) балалардың жүрісі кезінде оларды фотосуретке түсіріп жатады. Модель балалар өз киім үлгілерін подиум жолымен асықпай жүріп, көрермендерге киім үлгісін ұсынады. Ұлдар мен қыздардың жүрісі бөлек болады, бұны ескеру керек. Қалған балалар көрермендер болып, өз орындарына қатарға отырады, көрсетілімді тамашалап, қошеметтейді. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист болып, ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады	оның алдында балалармен сұлулық салынанды қызметтетін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысадыдәріхана да қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар өзара сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады.	бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.	қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуінде бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы ниетті, дос болғандығы, тағамдарды дәмді болғандары, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны.	қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады.
--	---	---	---	--	---

		Педагог мамандарға өз орындарын дайыптап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету жайында айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюда жаттықтырады.			
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер". Мақсаты. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Барысы. Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (үшбұрыш, шаршы,	Саусақ театры. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау.	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы.	Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Күз" Мұқатай Жылқыайдарұлы. Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарханда таба нанға Айналыпты алтын күз.	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Нұр-Сұлтан - мемлекетіміздің астанасы, әдемі, үлкен қала.

	дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды		Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады.		
Серуенге дайындық	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры. Арт-терапиялық суреттер бояу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 11:00 -11:30	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту.	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	"Қош келдің, Алтын күз" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру.

Тексерілген күні: _____

Циклограмманы тексерген _____